



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

Депутаттық корпуспен консультациялардан кейін ғана Мемлекет басшысына Үкіметтің құрамын жасақтау туралы ұсыныс жасайды. Бұндай тәртіп Үкімет мүшелерін қызметінен босату бойынша да сақталады. Бұл ретте тікелей Президенттің өзі тағайындайтын Сыртқы істер және Қорғаныс министрлерінен бөлек, басқа министрлер Мәжілістің мақұлдауынан өту керек деген сөз. Тағы бір жаңалық - бүгінгі күні қолданыстағы заңнамаға сәйкес, жаңадан Президент сайланғанда ел Үкіметінің өкілеттігі доғарады. Ал ұсынылған жоба бойынша Үкіметтің отставкасы енді жаңа сайланған Президент емес жаңадан сайланған Парламент Мәжілісінің алдында жүзеге асады. Осылайша, жаңа іске кіріскен Парламент Мәжілісі атқарушы биліктің жаңа құрамын жасақтауға да атсалысады деген сөз. Тоқтала кететін тағы бір бағыт - Үкіметтің заң шығарушы билік алдындағы есептілігі һәм бақылауында болу тетігін жетілдіру. Жаңа реформаға сәйкес, Министрлер Кабинтінің басшысы Үкіметтің қызметінің негізгі бағыттары, маңызды шешімдер туралы бұрынғыдай тек Президентке ғана емес, Мәжіліске де баяндап отырады. Ал парламент палаталарына Үкімет мүшесінің есебін тыңдау нәтижесі бойынша депутаттардың жалпы санының үштен екісінің көпшілік дауысымен заңдарды орындамаған жағдайда министрді қызметінен босату туралы Президентке өтініш қабылдау құқығы беріледі. [2] Осындай жағдайда Мемлекет басшысы Үкімет мүшесін қызметінен босататын болады. Сонымен қоса, Президенттің бірқатар заң шығарушылық өкілеттіктері алынып тасталуы мүмкін. Мәселен, соның ішінде Президенттен заң шығаруға бастама жасау құқығы сақтала отырып, заң жобасын Парламент Мәжілісіне енгізу туралы Үкіметке тапсырма беру өкілеттігі алынады. Мемлекет басшысының айрықша маңызды мәселелер бойынша Үкіметтің отырыстарына төрағалық ету құқығы сақталады, бірақ «қажет болған жағдайда» деген сілтемемен негізделеді. Түйіндей келгенде, Президент үшін жаңа жағдайда стратегиялық функциялар, билік тармақтары арасындағы қатынастардағы жоғары төреші рөлі, сыртқы саясат, ұлттық қауіпсіздік, еліміздің қорғаныс қабілеті басымдыққа айналады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. ҚР Конституциясы
2. Қазақстан Республикасы президентінің билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері жөніндегі үндеуі
3. МэттьюСобергШугартиДжонМ. Кэри «Президентские системы» Presidents and Assemblies: Constitutional Design and Electoral Dynamics by Matthew Soberg Shugart and John M. Carey. Copyright © 1992 by Cambridge University Press)
4. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы
5. С.Сартаев “Біз конституциялық кеңістікте өмір сүреміз”- Алматы: Алматы: Дәуір, 2010.-

ӨОЖ 340

МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ САЯСИ ҚҰҚЫҚТЫҚ ИДЕЯЛАРЫ

Жармаханбетова Балжан

balzhan_10@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Евразия Ұлттық университетінің
Құқықтану мамандығының 2 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші - Ж.И. Ибрагимов

Алаш партиясы қазіргі замандағы тәуелсіз еліміздің мемлекет болып қалыптасуында зор маңызы бар. Ұйықтап жатқан елімізді оятуға және де тәуелсіздігімізді алудағы бастауы болып табылады. Патша өкіметінің отарлық езгісінен құтқарудағы алға қойылған саясат, еліміздің ең алғашқы құрылған ұлттық-демократиялық, саяси партиясы болып табылады.

Еліміз тәуелсіздік алып, жариялылық самалы ескелі бері төл тарихымызда да жабық тақырыптарға жол ашылып, бұрынғы тоталитарлық жүйенің кейде айлашарғысымен, кейде күштеп таңуымен мызғымастай орнығып келген қасаң тарихи әдіснаманың көбесі сөгілді. Қиғаш пікір, оғаш ойлардың бұрыстығы дәлелденіп, бір саусағын ішіне бүккен зымиян саясаттың бет пердесі сыпырылды. Тарихшыларымыз бір ауыз сөз айтуға батылы бармайтын бүкіл бір кезең, дәуір тарихы қайта қаралып, бірте-бірте ақтандақтардың да орны толтырылуда. Соның ішінде әлі де болса шынайы баға беріліп, тың деректердің негізінде қайта объективті зерттеуді талап етіп отырған нәрсе Алашорда үкіметі мен Алаш партиясының қызметі және XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялыларының қызметі мен қайғылы тағдырлы. Бұл тақырыпты көптеген ғалымдарымыз зерттеп, өздерінің үлкенді-кішілі еңбектерін жазуда. Алаш партиясы құрылғаннан бастап, яғни 20-30 жылдарда көптеген пікірталастар болған, ол туралы көптеген ғалымдар, тарихшылар зерттеу жүргізген. Мәселен, А.Бочагов кезінде Алашты – «ұсақ ұлттық буржуазиялық партия» десе, С.Брайнин мен Ш.Шафиро – «Бүкіл байлардың саяси ұйымы» деді, ал Құрамысов – «Жартылай феодалдық байлардың партиясы» деп өз ой-пікірлерін білдірген. М.Қ. Қозыбаев Алаш партиясының бағдарламасының жобасын және бүкілқазақстандық екінші съездің құжаттарын талдай келіп, жарты ғасырдан астам уақыт бойы осы партияны ұлтшыл саяси ұйым деп айыптаудың негізсіз екенін айтты. Пікір алысуға қатынасушылардың біразы: М.Қ. Қозыбаев, М.Қойгелдиев, Қ.Нұрпейісов, Ә.Тәкенов 1917 жылғы революцияға дейінгі қазақ интеллигенциясының тарихы мен Алаш партиясының тарихын шатастыруға болмайтындығын көрсетті. «Алаштың» ақиқатын кім айтады деген жалпы тақырыпта зертеушілер А.Григорьевтің, К.Нұрпейісовтың, Т.Кәкімевтің мақалаларында жазылады. Зерттеушілер мұнда Алаштың партия ретінде қалыптасуы, оның әлеуметтік тірегі қазақ қауымының қандай топтарынан тұратындығына басты назар аударады. Григорьев мақалада Алаштың қалыптасуы 1917 жылы аяқталған және кадеттер жолын қуған буржуазиялық-ұлтшыл партия деп анықтап, ал партия жетекшілерінің басты тірегі қазақ байлары болды деген өзінің пікірін қайталаған.

Қазақ тарихында өз халқына адал қызмет жасау жолында басын бәйгеге тіккен Алаш ардақтылары көп болған. Сондай аяулы тарихи тұлғалардың бірі де бірегейі — Мұстафа Шоқай.

Бірақ М.Шоқайды қалың ел білмейді. Өйткені ол Кеңес жүйесінің қас жауы болып танылды. Оның еліне сіңірген еңбегі тұрмақ, есімін атаудың өзі қылмыспен пара-пар болды. Ол жаңа қазақ елі үшін қайраткер емес, қылмыскер саналды. Күрескер емес, кесір адам болып есептелді. Қоғамға пайдалы жан емес, қашқын саналды. Неге?...Оның жауабын бірер сөзбен бере қою қиын, әрине. Бұған белгілі-белгісіз себептер болды.

Сонымен, көрнекті ғалым, академик Рахманқұл Бердібай «Азатшыл ойдың энциклопедиясы» деп бағалаған Мұстафа Шоқайұлы кім еді? Оның туған жері, шыққан тегі туралы не білеміз? Түбі түркінің тұтастығына бүкіл саналы ғұмырын сарп еткен Шоқайдың өмірін, өнегесін толық танып білдік пе? Бүкіл тәні де, жаны да ұлтым, жұртым, қазағым деп бүлкілдеген, жүрегі Алашым, Түркістаным деп дүрсілдеген мемлекетшіл мәрт қазаққа лайықты бағасын бердік пе? Сай-саланы сағалап, тар қапасты тасалап, жендеттерден сырылып, онымен де қоймай, өмірін бәске тігіп, болашақ үшін тыным таппаған, Алаштың азаттығын ту еткен Мұстафаның бізге беймәлім тағы қандай қырлары бар? Оның тар жол, тайғақ кешулі тағдыры бізге нені мағлұм етеді? Сұрақтар өте көп...

Ғұмырының жартысына жуығын жат жұртта өткізген Мұстафа Шоқайұлының ұлтқа еткен еңбегі ұшан-теңіз. Өкінішке қарай, оны танып-білуде біздер шабандық танытып отырмыз. Біз не деген самарқау, кеш қозғалатын халық едік! Кімді кінәларсың! Кімге күйе жағарсың!

1910–1914 жылдары Мұстафа Санкт-Петербург университетінің заң факультетінде оқыды. Ол туралы Ресейдің Санкт-Петербург қаласындағы кітапханалар мен мұрағаттардан жаңа құжаттар табылды [7].

Санкт-Петербург пен Ленинград облыстық Орталық мемлекеттік тарихи мұрағатында сақталған № 281 істе оның аты-жөні «Чокаев Мустафа Чокаевич» деп жазылған. Санкт-Петербург Императорлық университетінде Мұстафа төмендегі курстарды тыңдаған: Рим

құқығының тарихы, Рим құқығының догмасы, Орыс құқығының тарихы, Мемлекеттік құқық, Шіркеу құқығы, Полиция құқығы, Саяси экономия, Статистика, Азаматтық құқық және Сот өндірісі, Қылмыстық құқық және Сот өндірісі, Қаржылық құқық, Халықаралық құқық, Құқық энциклопедиясы, Құқық философиясының тарихы.

Бұдан ары заң факультетінің деканы В.Удинцевтің және фамилиялары түсініксіз жазылған факультет хатшысы мен заң факультеті ғылыми кеңесі хатшысының қолдары тұр. Аталған құжаттың ең төменгі тұсында куәлікті 1914 жылдың 29 қыркүйегінде алғандығы туралы Мұстафа Шоқайдың өзінің қолы бар.

Мұстафа Шоқайдың тым жастай қоғам ісіне араласуына өскен ортасы, туа біткен зерделілігі, Шоқай әулетіне тән әлеуметтік белсенділік және алмағайып заманы әсер еткен. 1915 жылы түркі-мұсылман халықтарының азаттық қозғалысына іріткі салу мақсатында орталық билік орындары құрған «Сират-ул-мустақим» («Тура жол») партиясына алғаш қарсылық танытқандар қатарында М.Шоқай тұрды. Ол түркі-мұсылмандық студент жастар тобымен бірлесе отырып, зиялы қауым өкілдеріне «Сират-ул-мустақим» партиясын қолдамау жөнінде үндеу тастады. Бұл үндеу сол кезде татар тілінде жарық көріп тұрған «Сөз» газетінде жарияланды [8; 620].

1916 жылы тылдағы жұмысқа адам беруге қарсы жергілікті халықтың көтерілісі болды. Бұл көтеріліс күшпен басылды. Мемлекеттік думаның 1916 жылғы көтеріліске қатысушыларды жазалаушы казактардың айуандық әрекеттерін тексеру үшін комиссия құру туралы шешім қабылдауы барысында М.Шоқай шешуші рөл атқарды.

Түркістандағы көтерілістің себеп-салдарын тексеруге Мемлекеттік дума Ташкентке арнайы комиссия аттандырғанда, оның құрамында депутаттар А.Ф.Керенский, Тевкелевтермен бірге Мұсылман фракциясы жанындағы бюро мүшелері Ш.Мұхамедияров пен М.Шоқай болды. Жергілікті халықтың жағдайымен терең танысу мақсатында Мұстафа Ташкентпен ғана шектелмей, Самарқанд пен Өндіжанда болып, жергілікті жағдаймен танысты. Петроградқа оралғаннан кейін өзі жинаған материалдар негізінде 1916 жылғы көтеріліс кезінде билік орындарының Түркістан халқын аяусыз қуғын-сүргінге ұшыратқаны туралы Мемлекеттік думада Мұсылман фракциясы атынан жасалатын мәлімдеме мәтінін әзірледі [8; 620–621].

М.Шоқай 1917 жылғы Ақпан революциясы нәтижесінде патша үкіметінің құлауын зор қуанышпен қарсы алды. Қалыптасқан саяси ахуал Ресей Империясында ұлттық езгінің тауқыметін тартқан түркі-мұсылман халықтарының бостандыққа жетуіне мүмкіндіктер туғызады деп үміттенді.

Үкімет басына Уақытша үкімет келген соң, оның басшысы А.Ф.Керенский Мұстафаға министрдің портфелін ұсынады. Бірақ Шоқайұлы бұл ұсыныстан бас тартады [9].

1917 жылы көктемде Мұстафа Түркістан өлкесіне оралады. Жолда майданның қара жұмысына алынған қазақ жастары мен жалпы түркістандық жастардың елге қайтуларына қол ұшын берді.

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы — Шоқайұлының бүкіл саяси қызметінің мазмұны

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы Мұстафа Шоқайдың бүкіл саяси қызметінің мазмұнын құрады. Ол, шын мәнісінде, Түркістан Республикасының ұйымдастырушысы болды. Мұның тарихи жағдайы бар еді.

М.Шоқайұлы ұлттық тәуелсіздік идеясына біртіндеп келді. Ол бұл пікірді кездейсоқ қабылдап жар сала бастаған жоқ.

Көтерілістер кезінде орыс большевиктері күштеп, зорлап, алдап-арбап қолына түсіріп алған халық бұқарасын Кеңес үкіметі агенттерінен, сатқын шенеуніктерден айыра білуге де айрықша мән берген жөн» [9; 102], — деп жазды М.Шоқай.

Мұстафа Шоқай өмірінің соңына дейін тәуелсіз ұлттық мемлекет құру идеясын жақтады. Өзінің алдына қойған мақсатына қол жеткізу жолында абырой-беделіне нұқсан келмейтін кез келген қолайлы мүмкіндіктерді пайдалануға ұмтылды. Мысалы, 1936 жылы Берлин қаласында Түркістан жастары алдында сөйлеген сөзінде: «...Алыста жүріп ел қайғысын ойлап, алыста жүріп ел қамын ойлап, Еуропаның әр тарапында жүрген, бүгінгі Түркияда тұрған Түркістан жастары, бірлесіңдер! Сендердің бірліктерің, сендердің бір-біріңе күш қосуларың — еліміздің

бақытына қызмет етпек. Мұны ұмытпаңдар! Бәріміздің құбыламыз — өзіміздің ата жұртымыз, өлкеміз Түркістан болмақ! Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру — бәрімізге бір мақсат, бір мұхаббат уәзифа болмақ. Мұны ұмытпау керек...!

Түрік халқы — батыр халық. Түрік халқы — арыстан ер халық. Кімнен таяқ жегендей біздің түріктің баласы, алдырып жүрген дұшманға ауызының аласы. Бұл нақыл сөзді ұмытпауымыз керек. Бәріміз бір болсақ, біздің жеңбейтұғын жауымыз болмайды, мақсатымызға жетеміз! Онсыз біздің күніміз жоқ, құрып кетеміз. Құрымасымыз үшін, боспасымыз үшін — күшімізді біріктіріп, иін тірестіріп, бір-бірімізге жәрдем беріп жүруіміз керек. Онсыз біздің күніміз қараң. Мұны ұмытпау керек! Түрік баласы, ұмытпаңдар, бастарындағы бөтен елдің өкіметін шығарып тастауға, аударып тастауға тырысыңдар [9], — деп жар салды.

М.Шоқай жалғыз түрік халықтарының басын қосуға ғана атсалысқан жоқ. Ол эмиграциядағы бүкіл Украин, Кавказ халықтарымен бірге Кеңес Одағындағы тоталитарлық жүйеге қарсы жалпы майдан құруды армандады. Осы бағытта «Достық комитеті» құрылып, онда да Мұстафа белсенді қызметімен, көрегенділігімен көзге түседі. Кавказдықтардың бастары біріккен «Прометей» ұйымымен өнімді қатынас орнатуға күш салады. Сондықтан да ол Кавказ, Украина және Түркістан халықтарын ұлттық қорғау органы — «Прометей» (Париж, 1926–1938) журналы редакциялық алқасының мүшесі. 1928 жылы Варшавада Польшаның Бас штабы мен Сыртқы істер министрлігінің Шығыс бөлімі эмигранттардың барлық топтарын біріктіру және КСРО-ға қарсы пайдалану туралы Ю.Пильсудскийдің алға қойған міндеттеріне байланысты құрылған «Прометей» (Ресейдің езгісіндегі халықтар лигасы) халықаралық ұйымының мүшесі. Бұл ұйымға Әзербайжан, Дон, Карелия, Грузия, Волга бойы, Қырым, Кубань, Солтүстік Кавказ, Түркістан, Украинаның және басқалардың өкілдері кірген

«Түркістанның болашағы «Тәуелсіз Түркістан» ұраны астында Ресейден бөлініп шығып Түркістан мемлекетін құратын халық бұқарасының қолында, татарлар мен башқұрт бауырларымыз Түркістан Түрік мемлекетімен қойындасып, қолтықтасып кете алса, түрікшілік пен түрік рухы үшін ұлы табыс болар еді. Біз бүгін ұлтты құтқару күресімізде, ұлттық құрылысымызда түркістандықтарды ру, ұлыстарға бөліп іштен іріткі салатындарды Түркістан ұлтшылдық идеясы мен мұраттарының жаулары деп есептейміз. Қазақ, қырғыз, өзбек, түркімен...— бәрі бір кісідей жұмылып Түркістанның ұлттық ұраны астына топтаспайынша, Түркістанның болашағын қамтамасыз ету мүмкін емес» [15; 280–281], — деп жазды Мұстафа 1932 жылы («Түркістан түрікшілдігі» деген мақаласында).

Осы жылы Парижде прометейшіл қайраткерлердің алдында сөйлеген сөзінде Шоқай: «Егер біз сол кезде ақылға келгенімізде, егер «орыс демократиясының шындығына сенудің» орнына, біздің санамызда ұлттық аймақтарда революцияны меңгеруге және оны іске асыруға батыл ұмтылғанымызда, егер біздер бүгінгі прометейшіл майданның өкілдері сол тарихи кезеңде Украинаның үлгісімен біріккенімізде, біздің халықтарымыз қазіргі кеңестік ұлттық, материалдық және ұлттық-мәдени мағынадағы езгіден гөрі тәуір тағдырға ие болар еді» деп көрсетті [9].

Сонымен, Түркістан халықтарының бірлігі Шоқайұлының шетелдегі шығармашылығындағы басты тақырыптардың бірі болды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Сәрсенбай О. Мұстафа Шоқай қашан, қайда туған / М.Шоқай Таңдамалы. — Т. — Алматы: Қайнар, 1998. — 503, 504-б.
- 2 Сатаев А. Дозақты жеңген қазақ // Қазақ әдебиеті. — 2007. — № 21 (3025). — 25 мамыр. — 14-б.
- 3 Дайрабай Т. Торғай датқадан Мұстафа Шоқайға дейін... // Түркістан. — 2011. — 26 мамыр. — 7-б.
- 4 Кішібеков Д., Кішібеков Т. Мұстафа Шоқай кім еді? // Ақиқат. — 2011. — № 2. — 29-б.
- 5 Әлібеков Ә. Мұзарт // Егемен Қазақстан. — 25 тамыз. — 2004. — 8-б.

- 6 Баймұрат А. Мұстафа Шоқайдың балалық шағы және баспасөз саласындағы қызметі // Қазақ. — № 32–33 (493–494). — 6–13 тамыз. — 7-б.
- 7 Аққұлұлы С.Х. Санкт-Петербургте Мұстафа Шоқай туралы жаңа құжаттар табылды // Қазақ. — 2009. — № 50–51 (459–460). — 11–18 желт. — 10-б. дебиеттер тізімі
- 8 Шоқай М. Таңдамалы. — Т. 1. — Алматы: Қайнар, 1998. — 512 б.
- 9 Исхаков С. «Біз тілеген «орыс революциясы» бізді қапыда қалдырды» деген Мұстафа Шоқайдың саяси көзқарасы жайында // Түркістан. — 5 тамыз. — 2010ж

УДК 340

РОЛЬ ПАРТИЙ АЛАШ В ИСТОРИИ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА

Жарылғап Ержан Бердыбекулы

Erzhan.zharilgap@gmail.com

Студент 2 курса юридического факультета ЕНУ им. Л.Н.Гумилева,
Астана, Казахстан

Научный руководитель – Ж.И. Ибрагимов

Появление национальных политических партий в Казахстане в начале XX века говорит о том, что в стране в тот период национальное самосознание достигло высокого уровня, реально закладывались основы многопартийности и плюралистической политической системы общества в Казахстане. Но отсутствие опыта политической борьбы, нехватка единства интеллигенции того времени, своеобразие исторического момента, неоднородность национально-освободительного движения, отсутствие собственных вооруженных сил для защиты национальной автономии, давление партии большевиков, вылившееся в дальнейшем в репрессии - все это затормозило развитие демократических процессов и, в конечном итоге, привело к их уничтожению и формированию жесткой командно-административной системы в стране.

В период становления и утверждения независимости молодой Республики Казахстан идет процесс формирования новых ценностей и идеалов молодой нации. Особая роль в духовных исканиях и формировании научного, а также патриотического мировоззрения и национального самосознания молодого поколения, особый вклад произвела партия Алаш. Особого внимания заслуживает проект Программы партии «Алаш», явившийся прообразом национальной Конституции. Прежде всего, Алашординцы выступали за западные демократические ценности, то есть при котором народ или его большинство служит источником и носителем политической, государственной власти.

Национальная интеллигенция, ставшая впоследствии ядром партии «Алаш», вышла на политическую арену с 1905 года. Социальную базу партии «Алаш» составляла интеллигенция, которая выражала идеи национальной свободы, создание суверенного автономного национального государства, курс на демократические ценности и рыночные отношения. Подготовку общекзахского съезда, на котором и намечалось провозгласить новое государственное образование, казахские демократы начали еще в 1913 году. Особенно активно эта идея пропагандировалась на страницах знаменитых в то время изданий - журнала «Айқап» и газеты «Казах». Впоследствии газета «Казах», редакторами которой были М. Дулатов и А. Байтурсинов, стала центральным печатным органом Алаш-Ординского правительства и партии.

Особенно активным и несущим большие надежды оказался 1917 год, в течение которого созывались подготовительные областные съезды и два общекзахских съезда в Оренбурге (первый - 21-28 июля и второй - 5-13 декабря). Напомним, что 21-28 июля 1917 года состоялся первый Общеказахский съезд в городе Оренбурге, который рассмотрел вопрос об образовании партии Алаш, создании территориально-национальной автономии, землеустройстве населения, отношении к религии, положению женщин и др. Председателем движения был избран яркий представитель казахской интеллигенции 20-х годов прошлого столетия, блестящий экономист, тогда комиссар Тургайской области Алихан Букейханов. 5-13 декабря 1917 года в Оренбурге